

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 87 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 ақпанда № 4883 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 2043 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 28.09.2021 № 2043 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабы 6) тармақша, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31 бабы 1) тармақшасы, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 04.07.2019 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санынан қосымшаға сәйкес мөлшерде белгіленсін.

2. "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" әкімдіктің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 748 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4557 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 1 шілдедегі № 52 "Семей таңы", 2016 жылғы 1 шілдедегі № 52 "Вести Семей" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы әкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н. В. Шароваға жүктелсін.

4. Осы әкімдік қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квота мөлшері

Тізімдік саны бар ұйымдар	Квота мөлшері (%)
елуден жүз адамға дейін	2
жүз бірден екі жүз елу адамға дейін	3
екі жүз елу бірден артық адам	4